

**2008 жылғы 1 қаңтардағы  
сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы**

**Сақтандыру сыйлықақылары**


2007 жылға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тура сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы жиналған көлемнен 22,5%-ға көп болып, 147 343,3<sup>1</sup> млн. теңгені құрады.

**Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі**

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.01.2007ж.		01.01.2008ж.		01.01.2007 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	120 265,9	100,0	147 343,3	100,0	22,5
Міндетті сақтандыру	17 884,6	14,9	19 667,8	13,3	10,0
Ерікті жеке сақтандыру	12 888,1	10,7	16 193,4	11,0	25,6
Ерікті мүліктік сақтандыру	89 493,2	74,4	111 482,1	75,7	24,6

Кестені қарағанда, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 10,0%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 25,6%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 24,6%-ды құрады.



2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 41,0% (8 063,1 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 40,5% (7 962,1 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 5,9% (1 166,5 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша және басқалар бойынша – 12,6% түсті.

**ерікті мүліктік сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен - 37,9% (42 241,8 млн. теңге), мүлікті (автомобиль көлігі, әуе көлігі, темір жол көлігі, су көлігін қоспағанда) сақтандыру бойынша – 29,5% (32 925,0 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (автомобиль көлігінің, әуе көлігінің және су көлігінің иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды қоспағанда) сақтандыру бойынша – 18,5% (20 580,9 млн. теңге) және басқалар - 14,1% болды.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 42,9% (6 949,3 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 28,3% (4 578,7

<sup>1</sup> Сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлық ақыларын шегергенде көрсетіліп отыр.

<sup>1</sup> сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования


млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 16,5% (2 672,4 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 12,3% (1 990,8 млн. теңге) болып келеді.

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.01.2007ж.		1.01.2008ж.		1.01.2007 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі%	
Барлық сақтандыру салалары бойынша	120 265,9	100,0	147 343,3	100,0	22,5
Өмірді сақтандыру	3 702,7	3,1	4 663,3	3,2	25,9
Жалпы сақтандыру	116 563,2	96,9	142 680,0	96,8	22,4


**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 4 663,3 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 25,9%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күні 2007 жылғы 1 қаңтарда 3,1%-ға қарсы 3,2% болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылы жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 142 680,0 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 22,4% -ға көп.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрамы



"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрамы




### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 61 681,2 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 41,9%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 33,5%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 15 128,0 млн. теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 3 035,0 млн. теңге болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.01.2007ж.		1.01.2008ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	45 697,1	38,0	61 681,2	41,9
резидент еместерге	38 950,1	32,4	49 355,2	33,5
резиденттерге	6 747,0	5,6	12 326,0	8,4
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлық қабылданған	526,6	0,4	3 035,0	2,1

## Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 94,3%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,5%, міндетті сақтандыру бойынша – 4,2% болды.

### Сақтандыру төлемдері

2007 жылы жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 3,5 есе өсіп, 49 179,6<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 19,6% (9 667,1 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері Страховые выплаты	1.01.2007ж.		1.01.2008ж.		млн. тенге 1.01.2007ж. салыстырғандағы өзгеріс Изменение по сравнению с 1.01.2007г.
	сомасы сумма	үлесі %доля, %	сомасы сумма	үлесі % доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	14 092,2	100,0	49 179,6	100,0	3,5 есе
Міндетті сақтандыру	4 973,7	35,3	5 484,4	11,1	10,3 %
Ерікті жеке сақтандыру	2 012,8	14,3	4 158,9	8,5	2,1 есе
Добровольному имущественному страхованию	7 105,7	50,4	39 536,4	80,4	5,6 есе

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:


**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төлемдер 59,5% (3 261,2 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 30,5% (1 672,0 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 9,1% (497,6 млн. теңге) және басқалар бойынша 0,9% болды.

<sup>2</sup> Сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр

<sup>2</sup> сумма указана за вычетом страховых выплат, осуществленных по договорам, принятым в перестрахование

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 71,6% (2 977,5 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 13,4% (558,6 млн. теңге) және аннуитеттік сақтандыру бойынша – 8,7% (360,3 млн. теңге) төлемдер, 6,3% (261,5 млн. теңге) - өмірді сақтандыру бойынша болды.

**ерікті мүлiктік сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 88,4% (34 947,1 млн. теңге) - басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 4,6% (1 818,0 млн. теңге), мүлiкті (автокөлік, әуе, теміржол, су көлігі және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) сақтандыру бойынша – 2,9% (1 143,5 млн. теңге), басқалар бойынша – 4,1% болды.



2007 жылы жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасынан сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа қаржы шығындарынан сақтандыруға келеді - төлемдердің жиынтық сомасының 71,0% болды.

### Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 41 сақтандыру ұйымы лицензияланған қызметті жүзеге асырды (оның ішінде: - 7 өмірді сақтандыру), 14 сақтандыру брокері және 43 актуарий.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.01.2007ж.	01.01.2008ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	40	41
өмірді сақтандыру бойынша	5	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	13
Актуарийлер саны	33	44

Есепті күнге 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 126 276,8 млн. теңге болды.

Қаржы көрсеткіштері	<i>млн. теңге</i>		
	1.01.2007ж.	1.01.2008ж.	1.01.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен

Жиынтық активтер	135 489,7	223 556,1	65,0
Міндеттемелер	55 289,0	97 279,3	75,9
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	45 749,5	86 359,8	88,8
басқа да міндеттемелер	9 539,5	10 919,5	14,5
Меншікті капитал (баланс бойынша))	80 200,7	126 276,8	57,5


**Активтер.** 2008 жылғы 1 қаңтардағы сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 223 556,1 млн. теңге болды, 2007 жылғы 1 қаңтардағы осындай көрсеткіштен 65,0%-ға көп болды, оның ішінде:

Активтер Активы	1.01.2007ж.		1.01.2008ж.		1.01.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі	Сомасы	үлесі	
Қолма-қол ақша	9 193,1	6,8	7 359,0	3,3	-20,0%
Орналастырылған салымдар	25 554,5	18,9	63 747,1	28,5	2,5 есе
Бағалы қағаздар	66 259,2	48,9	78 162,3	35,0	18,0%
«кері РЕПО» операциясы	13 360,0	9,9	20 664,7	9,2	1,5 есе
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	10 638,0	7,8	11 472,6	5,1	7,8
Негізгі қаражат	2 920,2	2,2	4 195,4	1,9	43,7%
Материалдық емес активтер	-	-	29 138,5	13,0	-
Басқа дебиторлық берешек	3 455,5	2,5	6 027,2	2,7	74,7%
Басқа активтер	4 109,2	3,0	2 789,4	1,3	-32,1%
Активтер жиынтығы	135 489,7	100,0	223 556,1	100,0	65,0%

**Міндеттемелер.** 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 75,9% өсе отырып 97 279,3 млн. теңге болды.


Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 86 359,8 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан резервтер көлемінен 88,8% артық.

**Активтерді, меншікті капиталды және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңге**



*млн. тенге*

Инвестициялық портфель	1.01.2007ж.		1.01.2008ж.		1.01.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	18 470,3	17,6	16 490,8	11,9	10,7%
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	25 554,5	24,3	62 768,1	45,0	2,4 есе
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	54 905,8	52,2	59 218,9	42,4	7,8%
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	6 139,5	5,8	599,5	0,4	90,2%
ҚР резидент емес эмитенттері – мемлекеттік емес бағалы қағаздары	103,6	0,1	426,3	0,3	4,1 есе
<b>Жиынтығы</b>	<b>105 173,7</b>	<b>100,0</b>	<b>139 503,6</b>	<b>100,0</b>	<b>32,6%</b>



Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 2007 жылға ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 52,5%-ға 42,4%-ға кеміді, екінші деңгейдегі банктердегі салымдардың үлесі 24,3% дейін 45,0%-ға дейін өсті, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 17,6%-ға 11,9% дейін кеміді.

Инвестициялық портфельдің құрылымындағы мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі активтерді әртараптандыру нормативтерін есептеу барысында осы қаржы құралдарының міндетті болуына талаптарды қоспағанда байланысты.

### Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру рыногының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны байқалады. 5 бірінші сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 51,6% және сақтандыру төлемдерінің 80,2% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 51,6 % құрайды.

Сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлес, %	01.01.07	01.01.08
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	46,8	51,6
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	74,0	75,9
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	50,7	80,2
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	76,4	89,3
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	49,6	51,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	55,8	57,8

### Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.01.2007ж.	01.01.2008ж.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	10 139 <sup>3</sup>	13 315 <sup>4</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,19	1,11 <sup>5</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,79	0,95
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,34	1,68
Сақтандыру сыйлықақыларының адам басына шаққандағы үлесі, в тенге <sup>6</sup>	8 018	9 489

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>3</sup> - Статистика агенттігінің деректері бойынша

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2007 жылға арналған болжамдық деректері

<sup>5</sup> 2007 жылға қабылданған сақтандыру сыйлықақылары - страховые премии, принятые за 2007 год

<sup>6</sup> - ҚР халық статикасы жөніндегі агенттіктің деректері бойынша – 15 527 649 млн. адам. по данным Агентства по Статистике население РК – 15 527 649 млн.чел.